

**8D011-Педагогика және психология кадрларды даярлау
(6D010300-Педагогика және психология) бағыты бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Байсултанова Сая Чарипкановнаның
«Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық
сапаларын дамыту» тақырыбындағы диссертациясына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ**

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1. С.Ч.Байсултанованың диссертациясының тақырыбы Қазақстан Республикасында «Білімді ұлт сапалы білім беру» ұлттық жобасының 4-бағытында көрсетілген «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары», «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» жолдауында көрсетілген жаңа сатыдағы педагогтың өмірге келуі, көптілді білімі бар педагогтарға ерекше назар аудару қажеттігі, 2021 жылдың 01 қыркүйегіндегі ҚР Президентінің Жолдауының «Сапалы білім беру» бөлімінде айқындалған мәселелер мен бағдарламаларға сәйкес келеді. Осы барыста диссертациялық зерттеуде көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың теориялық негіздерін айқындау мен көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың мәні мен мазмұнын анықтау міндеттері дұрыс қойылған. С.Ч. Байсултанованың жұмысы педагогтың бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне

			қызығатын, кәсіби іскерліктері мен дағдыларын дамыту аталған мемлекеттік бағдарламалар міндеттері мен басым бағыттарымен үйлеседі.
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының 8-ші бағытына «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», соның ішінде 8.1.1. Ғылым және технологиялар саласындағы зерттеулерді дамытудың өзекті мәселелері сияқты нысаналы бағдарламалар идеясына сәйкестігімен сипатталады.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	2. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ ашылмаған.	2.Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосады. С.Ч. Байсултанованың көптілді білім беру мүмкіндіктерін тиімді пайдалану негізінде магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту, олардың танымдық білімдері мен кәсіби ойлауы терең, академиялық біліктері шындалған, ұлтаралық, тұлғааралық

			<p>жағымды, адами қарым-қатынас дағдылары қалыптасқан отандық білім беру саласында бәсекеге қабілетті маман даярлауға септігін тигізу идеясын ұсынуы педагогикалық ғылым саласын дамытуға үлесін қосады. Оған мысал ретінде, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың теориялық - әдіснамалық негіздері сараланып, магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан негізделіп, психологиялық аспектілері айқындалуы мен «көптілді білім беру», «магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары», ұғымдары нақтыланып, ғылыми айналымға енгізілуі диссертацияның маңыздылығын ашады. Зерттеу проблемасына сәйкес құрылымдық-функционалдық моделінің жасалуы мен оны жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттарының айқындалуы да, оны тәжірибеге енгізу мақсатында жасалған әдістемесі де педагогикада ғылыми маңыздылық пен теориялық құндылыққа ие.</p>
3.	Өзі жазу принципі	3.Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	3. С.Ч. Байсултанованың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары екендігін бірқалыпты қалыптасқан ғылыми стилінен; диссертанттың жеке идеясының диссертация бойында өрбуінен; зерттеу проблемасына қатысты ғылыми әдебиеттерге, негізгі ұғымдарға жасаған жан-жақты талдауынан; өз ойын кестеге, сұлбаға, суретке түсіріп ұсынуынан; ғылыми тұжырымдар түйіндеуінен; ғалымдардың берген ойларына өз пікірін білдіруінен; жүргізілген эксперименттерді

			рәсімдеуден; алынған практикалық нәтижелерді сипаттаудан да байқауға болады, қойылған міндеттер толығымен орындалған, зерттеу мақсатына қол жеткізген, бір-бірімен тараулары тығыз байланысқан, сондықтан жұмыс дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>4.1. С.Ч. Байсултанованың зерттеу өзектілігі толықтай негізделген. Ең алдымен, ҚР-ның білім мен ғылым саласының әлемдік <i>жаһандану үрдісіне</i> кіріктірілуі барысында болашақ мамандардың көптілді меңгерудің өзекті мәселе екендігімен негізделген.</p> <p>Екіншіден, диссертациялық зерттеу міндеттерінің мемлекеттің білім мен ғылым саласын дамыту саясатының негізгі басымдықтарына сәйкес өзектілігі дәлелденген.</p> <p>Үшіншіден, қазіргі қоғамның талаптарына сай – көптілді білім берудің магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан мүмкіндіктерінің жоғарылығы мен оны жүзеге асырудың ғылыми тұрғыдан негізделмеуі арасында және көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды жоғары оқу орнынан кейінгі оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру қажеттілігі мен оны іске асырудың әдістемелік негіздерінің жеткілікті деңгейде жасалмауы арасындағы қарама-қайшылықтарды жою мәселелесімен өзектілігі негізделген.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды	С.Ч. Байсултанованың диссертациясының мазмұны «Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту» атты диссертация

		<p>1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>тақырыбын толық көлемде айқындайды. Зерттеу жұмысының 1-ші бөлімінде «көптілді білім беру», «көптілді тұлға» ұғымдарының мәні, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту – педагогикалық проблема ретінде қарастырылса, 2-ші бөлімінде «Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды модельдеу» көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құрылымдық-функционалды моделін құрастыруға арналған. Зерттеу жұмысының 3-ші бөлімі көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың тәжірибелік-эксперимент жұмысы, кәсіби-тұлғалық сапалары дамуының диагностикасы, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту әдістемесінің мазмұны ашылған. Демек, С.Ч. Байсултанованың диссертациясының мазмұны диссертацияның 3 бөлімі мен 9 бөлімшелері арқылы зерттеу тақырыбын толық айқындайды деп қорытындылаймыз.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант зерттеудің көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды теориялық негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік эксперименттен өткізу сияқты мақсатына ұтымды қойылған 4 міндет арқылы қол жеткізген. Зерттеу жұмысының 1-ші бөлімінде</p>

			<p>«көптілді білім беру», «көптілді тұлға» ұғымдарының мәні, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту – педагогикалық проблема ретінде, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың әдіснамалық тұғырларының талдануы диссертацияның 1-ші, 2-ші міндеттеріне сәйкес екендігі байқалады.</p> <p>Ал, 2-ші бөлімі «Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды модельдеу» зерттеудің 3 міндетіне сәйкес магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының мәні мен мазмұнын ашып, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың психологиялық аспектілерін көрсеткен, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құрылымдық-функционалды моделін құрастыруға арналған.</p> <p>Зерттеу жұмысының 3-ші бөлімі көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың тәжірибелік-эксперимент жұмысы, кәсіби-тұлғалық сапалары дамуының диагностикасы, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту әдістемесінің мазмұнының ашылуы 4 міндетке толық сәйкес келеді.</p> <p>Демек, С.Ч. Байсултанованың диссертациясының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p>
	4.4.		Диссертациялық жұмыс 3 бөлім мен

		<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) <u>жартылай байланысқан;</u></p> <p>3) <u>байланыс жоқ</u></p>	<p>9 бөлімшелерден, қолданылған әдебиеттерден, қосымшалардан тұрады. Дұрыс таңдалған бөлімдер мен бөлімше тақырыптары олардың логикалық байланысын байқатады, диссертациялық жұмыс құрылымы көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін ашу арқылы жалпыдан жеке мәселеге көшуді анық көрсетіп отыр. Жұмыстың құрылымындағы көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды модельдеу осы мәселенің теориялық-әдіснамасына негізделген, демек 1-ші және 2-ші бөлім арасында тығыз байланыс бар.</p> <p>Ал, 3-ші бөлімде қарастылатын көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың тәжірибелік-эксперимент жұмысын жүргізу 2-ші бөлімдегі жасалған модельді практикада қолдануы зерттелген. Сонымен қатар, қолданылған әдебиеттер зерттеу тақырыбын ашуға толығымен жетеді, нақты қолданысын тапқан. Ал, қосымшада берілген материалдар диссертацияның практикалық бөлімінде эксперимент арқылы дәлелденген.</p> <p>Бұл, С.Ч.Байсултанованың диссертациясының барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан екендігін байқатады, алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Автор алған нәтижелер ішкі бөлім мен бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық</p>
--	--	---	---

			<p>мәліметтер, айқындаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>4.5. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту мәселесі бойынша педагогика саласындағы теориялар мен ғылыми әдебиеттерге С.Ч. Байсултанова сыни талдау жүргізген. Сол арқылы қаралып отырған тақырып бойынша теориялық және әдіснамалық базалардағы кемші тұстарды көрсетіп, оны толықтыру бойынша зерттеу жүргізген.</p> <p>Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың практикалық астарларын да сыни түрде анықтай алған. Бұл сыни талдау диссертантқа көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құрылымдық-функционалды моделі және оның әдістемесі құрастыруға мүмкіндік берген. Ал алынған тәжірибелік-эксперименттік нәтижелері сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденген. С.Ч. Байсултанованың жүргізген сыни талдауы диссертанттың әр мәселелені жеке бағалай алуын, өзіндік ғылыми ұстанымының қалыптасқандығын байқатады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Жұмыстың бірінші жаңалығы - көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, «көптілді білім беру», «магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары» ұғымдары нақтыланды;</p> <p>Жұмыстың екінші жаңалығы -</p>

			<p>көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың мәні мен мазмұны анықталды; «Көптілді білім беру» магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан негізделіп, психологиялық аспектілері айқындалды.</p> <p>Келесі жаңалық - көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды тиімді жүзеге асырудың мазмұны, психологиялық-педагогикалық шарттары, бағалау компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері қамтылған құрылымдық-функционалды моделі жасалды;</p> <p>Зерттеу жұмысының төртінші жаңалығы - көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби тұлғалық сапаларын дамытудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>С.Ч. Байсултанованың диссертациясының қорытындылары толығымен жаңа және сенімді болып табылады.</p> <p>1-ші қорытынды «Лингвистикалық, психологиялық-педагогикалық еңбектерде берілген теориялық анықтамаларға жасалған талдау негізінде «көптілді тұлға – үш тілді ұлтаралық материалдық, рухани мәдениеттердің кіріктірілуінде меңгеру барысында кәсіби-тұлғалық сапалары дамыған тұлға» дегенді білдіреді - <i>толығымен жаңа</i>.</p> <p>2. Педагогика ғылымы саласындағы еңбектерде мектепке дейінгі ұйымдардағы көптілділік (I.K.Arianna); мектептің оқу-тәрбие процесінде көптілді тұлға</p>

		<p>қалыптастыру (Н.А.Оганесянц, Ю.И.Трофимова О.Н. Хрусталева,) жоғары оқу орнынның оқу-тәрбие процесінде көптілді тұлға қалыптастыру (С.А.Ярунина, Е.Е.Царева, Г.Р.Тимирбаева; Н.В.Евдокимова); жоғары оқу орнындағы көптілді білім беру ортасы (Г.Х.Хажғалиева, Д.В.Седых, Н.Б.Антипова), білім беру жүйесіндегі полилингвалды тәсіл (Ф.Х.Киргуева) мәселелері жан-жақты қарастырылған - <i>толығымен жаңа</i>.</p> <p>3. Көптілді білім беру мәселесінің отандық педагогикалық әдебиеттерде зерттелуіне жасалған талдау тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Зерттеулердің бағытын зерттеу объектісіне қарай 4 топқа бөліп қарастырған: 1) көптілді білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері (Б.А.Жетпісбаева), мектеп оқушыларының көптілділік құзыреттілігін қалыптастыру (С.Ж.Берденова, Д.Э.Гаипов); көптілді білім беру жағдайында болашақ маманның мәдениетаралық, коммуникативтік, құзыреттілігін қалыптастыру (Ж.Х.Салханова, И.И.Сагидуллаев, П.А.Кудабаева, Р.Ризаходжаева, Ж.Т.Саймбетова, С.Тлеубай); кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (А.Н.Жорабекова, Т.М.Есімғалиева). Осы топтастыру көптілді білім беру мәселесі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында, яғни магистранттардың оқу-тәрбие процесінде қарастырылмағанын көрсетті - <i>толығымен жаңа</i>.</p> <p>4-ші Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сатысында болашақ ғылыми педагог мамандарды (магистр) даярлау мәселесінің</p>
--	--	--

			<p>отандық ғылымда зерттелуіне (2000-2021 жж.) жасаған талдау зерттеу проблемасының бұрын соңды зерделенбегенін аңғартады - <i>толығымен жаңа.</i></p> <p>Сол сияқты жасалған 13 қорытынды толығымен жаңа деп санаймын. Тұжырымдардың сенімділік деңгейі тәжірибелік-эксперименттік жұмыста расталған. Диссертанттың жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>5.3. С.Ч. Байсултанова жүргізілген зерттеуінде магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту бойынша 6 ұсыныстар беріп отыр. Мысалы, «Ү research discussion club» (Жас зерттеушілер клубын) іс-шаралар жоспарын, «International education» халықаралық жобасы мазмұнын іске асырудың мүмкіндіктерін практикаға ендіру жөніндегі ұсынысы өте орынды және нәтижелі екендігі анық. Дәл осындай қорытындыны басқа да ұсыныстар бойынша айтуға болады. Автордың ұсынған шешімдері ғылыми-тәжірибелік негізі технологиялық тұрғыдан толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар оқу үрдісіне ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6.Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық	6. С.Ч. Байсултанова зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық педагогикалық және психологиялық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының, зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жарамдылығымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды

		бағыттары бойынша)	<p>үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, әртүрлі әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қатамасыз етіліп, ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>«Көптілділік – адамның санасында сол үйренетін ұлт тіліне тән түрлі мәдени қабаттардың, мағыналардың, мәндердің біріктірілуі» деп нақтылау лингвистикалық, психологиялық-педагогикалық еңбектерде берілген теориялық анықтамаларға негізделген.</p> <p>Көптілді білім беру мәселесі зерттелген алыс және жақын шетелдік еңбектерге жасаған талдау, бұл мәселенің музыкалық өнер, әлеуметтану, лингвистика, әдебиеттану, педагогика сияқты сан алуан астарлары бар екендігін дәлелдеген.</p> <p>Диссертанттың көптілді білім беру мәселесіне қатысты қазақстандық педагог ғалымдардың диссертациялық зерттеулері 2006 жылдан бастап қорғала басталуын ашып, оны нақты көптілді білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері, мектеп оқушыларының көптілділік құзыреттілігін қалыптастыру, көптілді білім беру жағдайында болашақ маманның мәдениетаралық, коммуникативтік, құзыреттілігін қалыптастыру, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру сияқты зерттеулердің бағыттарын 4 топқа бөліп қарастыруынан көруге болады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	7.Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме?	7.1.Докторант С.Ч.Байсултанова диссертациялық жұмысы бойынша ұсынған төрт қағида толығымен дәлелденді. Себебі, ұсынылып отырған тұжырымдар алынған мақсат пен міндеттерден туындаған

		<p>1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>жұмыстың теориялық және тәжірибелік ұстанымдылығын аңғартады. Көптілді білім беру дегеніміз – үш тілді ұлтаралық материалдық, рухани мәдениеттерді кіріктіре отырып меңгертуде тұлғаның кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту құралы». Ал, «көптілді тұлға – үш тілді ұлтаралық материалдық, рухани мәдениеттердің кіріктірілуінде меңгеру барысында кәсіби-тұлғалық сапалары дамыған тұлға» екендігін теориялық және тәжірибелік ұстанымдылығы арқылы дәлелденген. Мысалы, кәсіби (танымдық білім, кәсіптік ойлау, академиялық білік); тұлғалық (эмпатия, толеранттылық, ұлтжандылық), кәсіби-тұлғалық сапалар «кәсіби іс-әрекет – коммуникация – тұлғааралық іс-қимыл» сұлбасында көрінісі анықталған. Дәл сол сияқты басқа да қағидаттар теориялар мен концепцияларға негізделіп, эксперимент арқылы дәлелденген.</p> <p>7.2.Жұмыс тривиалды емес. Себебі, барлық жаңалықтар теория мен практиканың арасындағы байланысты талдай отырып, құрылымдық функционалды моделін жасалғандығымен дәлелдеген, бұл жұмыстың ұтымдылығын арттырып отыр деп есептейміз.</p> <p>7.3.Қағидалар жаңа деп тұжырым жасауға негіз бар. Себебі, төрт міндет бойынша алынған жаңалықтар қорғауға ұсынылатын қағидалар негізінде көрініс беруі және қорытынды ұсыныстар жасауға алғышарт болғандығымен дәлелденеді.</p> <p>7.4.Жұмыстың қолдану деңгейі кең деп танылады. Себебі, біліктілігі артқан магистрант - болашақ педагог</p>
--	--	---	---

			өзінің педагогикалық тәжірибесін нығайтады, білім деңгейін арттыруда диссертация қағидаттарының қолдану деңгейі кең ауқымды. Осылайша болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастырудың ауқымын кеңейтеді. 7.5. Диссертациядағы барлық қағидалар мен тұжырымдар талапқа орай қажетті басылымдарда жарияланған, ғылыми қауымдастықтың назарына салынып, тиісті журналдарда, оның ішінде Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда жарық көрген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	8.1. Зерттеу барысында басшылыққа алынған этнолингводидактикалық, аксиологиялық, іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлық, жүйелік әдіснаманың тұғырлары мен ұстанымдары ғылыми тұрғыда негізделген. С.Ч. Байсултанова ғылыми әдістерді нақты пайдаланған және тиімділігін дәлелдеген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	8.2. Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені диссертантпен анықталған. Теориялық әдістер (ғылыми теориялық әдебиеттерді талдау, жинақтау, контент талдау, құрылымдау, иерархиалау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау, нәтижелерді жобалау); эмпирикалық әдістер: (эксперимент, сауалнама жүргізу, бақылау, диагностика, статистикалық алынған нәтижелерді математикалық статистикалық өңдеу, сараптау, эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтерді сандық талдау әдістері, нәтижелерді өңдеудің математикалық әдістерін қолдану). Диссертация

		жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және андылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	8.3. Теориялық қорытындылар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде жүргізілген эксперименттік зерттеулерде дәлелденген және расталған. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудағы педагогикалық мүмкіндіктерді жасап және оны теориялық-практикалық тұрғыда негіздеп, педагог-психологтарды даярлау үрдісінде интербелсенді әдістерді пайдалану»; «Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері», «Менеджердің инновациялық іс-әрекеті, «ҚР және ТМД елдеріндегі педагогикалық өлшемдер» «Көптілді білім беру – магистранттың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы» атты психологиялық-тренингтік бағдарлама мазмұнын оқытуда; «Ү research discussion club» (Жас зерттеуші пікір-сайыс клубы)» іс-шаралар жоспарын іске асыруда; «International education» халықаралық жобасын орындауда онлайн-офлайн аралас оқыту формасымен, инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданып, педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелдеген.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге	8.4. Диссертант ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, мәнді мәлімдемелерді растайды. Диссертацияда отандық

		сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелер берілген.
		8.5 Пайдаланыл- ған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткілік сіз	8.5. Диссертациялық жұмыста 245 атаудан тұратын дереккөздерге сілтемелер берілген. Тақырып бойынша осы әдебиеттерді зерделей келе, докторант алдына қойған мәселені шешуге жан-жақты қарастырғандығы, әдеби шолуға жеткілікті деп санаймын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	9.1. Диссертацияның теориялық маңызы бар. Себебі: көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, «көп тілді білім беру», «магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары» ұғымдары нақтыланды; - көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың мәні мен мазмұны анықталды; «Көп тілді білім беру» магистранттардың кәсіби- тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан негізделіп, психологиялық аспектілері айқындалды. - көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды тиімді жүзеге асырудың мазмұны, психологиялық- педагогикалық шарттары, бағалау компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері қамтылған құрылымдық-функционалды моделі жасалды; - көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби тұлғалық сапаларын дамытудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілді.

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> <p>- 6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығының көптілді білім беру тобына арналған оқу жоспарындағы «Педагог-психологтарды даярлау үрдісінде интербелсенді әдістерді пайдалану»; «Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері», 7M01101 – «Педагогика және психология» мамандығының «Менеджердің инновациялық іс-әрекеті, 7M01102 – «Педагогикалық өлшемдер» мамандығының «ҚР және ТМД елдеріндегі педагогикалық өлшемдер» пәндерінің мазмұнына қосымшалар;</p> <p>- «Көптілді білім беру – магистранттың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы» атты психологиялық-тренингтік бағдарлама;</p> <p>- «Ү research discussion club» (Жас зерттеуші пікір-сайыс клубы) Ережесі, іс-шаралар жоспары;</p> <p>- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың диагностикасы;</p> <p>- «International education» халықаралық жобасы жасалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді.</p> <p>Жоғары оқу орнынан кейінгі оқу орындары тәжірибесінде магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту үдерісі практикасында қолдану мүмкіндігі жоғары.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p>	<p>9.3.Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және диссертациялық зерттеуде</p>

		1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын болашақ педагогтар мен ғылыми-педагог кадрлар даярлайтын білім беру ұйымдарында, жалпы білім беретін мектептердің, гимназия мен лицейлердің жоғары сатысында, колледждердің тәжірибесінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	10.Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	10.Диссертант академиялық жазу ерекшеліктеріне сай, ғылыми стильді ұстанып зерттеу жұмысын орындаған. Диссертациялық жұмыстың құрылымын рәсімдеу белгіленген талаптарға сәйкес орындалған. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс жүйелі тұрғыда жазылған және академиялық жазу сапасы жоғары.

Шешім: Сая Чарипкановна Байсултанованың 8D011-Педагогика және психология кадрларды даярлау (6D010300-Педагогика және психология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР БЖҒМ Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент,
 6D010300 – педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD),
 Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің педагогика факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ж.Е.Иманчиев

